




БЕКІТЕМІН
Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы–Ректордың
у.м.а.
Г.Д. Сугирбаева
« 28 » 10 2024ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАТАҚХАНАЛАРЫНДАҒЫ ІШКІ ТӘРТІП

ЕРЕЖЕСІ

СМЖ ОҚПУ Қ 7.28-2024

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісімді:		
Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры		Анарбаев Қ.С.
Стратегиялық даму және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Әзірлеген:		
Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы м.а.		Тасболат Б.Б.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « 28 » 10 2024 ж. « 28 » 10 2026 ж. дейін ұзартылды: « » 20 г.	Енгізілді: № 4 бұйрық Енгізілген күні: « 28 » 10 2024 ж.	СМЖ ОҚПУ Қ 7.28-2024 Басылым 1 Тіркеу № 5 Көшірме № _____
---	---	---

Мазмұны

1	Жатақханаға өту тәртібі	3
2	Тұрғындардың құқықтары мен міндеттері	3
3	Студенттік жатақханада тұратындардың жауапкершілігі	5
A	қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	7



1 Жатақханаға өту тәртібі

1.1 Студенттік жатақханадағы өткізу режимі кіруді бақылау және басқару жүйесімен жүзеге асырылады.

1.2 Жатақханаға кіру үшін (оқу корпусстарда сияқты) тұрғынға белгіленген үлгідегі рұқсат қағазы беріледі.

Жатақхана тұратын адамдарға 07:00-ден 23:00-ге дейін кіруге рұқсат етіледі.

ҚР "Білім туралы" Заңының 47-бабына сәйкес "Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, күндізгі оқу нысанындағы барлық білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілері оқудан бос уақытында оқуды жұмыспен ұштастыруға құқылы". Жұмыс істейтін білім алушылар үшін жатақханаға кірудің жеке кестесі мүмкін, ол келесі негізде қалыптасады:

- факультет деканы және Басқарма мүшесі - Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор қол қойған студенттің өтініштері;
- ата-аналардың жазбаша рұқсаты;
- жұмыс кестесі көрсетілген жұмыс орнынан анықтамалар.

Жақын туыстарын, тұратын ата-аналарын, университет қызметкерлерін қоспағанда, жатақханаға келушілер мен қонақтардың кіруіне тыйым салынады (қонақтар мен келушілердің жатақханаға кіруіне 12.00-21.00 аралығында бір студентке 2 адамнан артық емес рұқсат етіледі).

1.3 Белгіленген талаптар бұзылған жағдайда жатақханада тұратын адам әкімшіге түсіндірме жазба ұсынады.

Жатақхана әкімшісі тәртіптік шаралар қабылдау үшін Комиссия төрағасының атына Комиссияның қарауына тиісті қызметтік жазба береді.

1.4 Қызметкерлерге, жатақхана әкімшісіне қатысты кез келген әдепсіз әрекеттер, рұқсаттама немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуден бас тарту осы Ереже мен білім алушылардың ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзу ретінде бағаланады.

2 Тұрғындардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Жатақханада тұратындар құқылы:

- бекітілген тұрғын үй-жайда (бөлмеде) университетте бір оқу жылында (1 қыркүйектен 1 шілдеге дейін) тұру;
- оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы үй-жайларды, жатақхана жабдықтарын, мүлкін пайдалануға;
- жатақхананың студенттік кеңесін сайлауға және оның құрамына сайлануға;
- жатақхананың студенттік кеңесі арқылы білім алушылардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға, оқудан тыс тәрбие жұмысы мен бос уақытын ұйымдастыруға, тұрғын үй-жайлар мен бөлмелерді жабдықтау және безендіру мәселелерін шешуге қатысу.

2.2 Жатақханада тұратындар міндетті:



	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы ішкі тәртіп ережесі	7 беттің 4-беті

- студенттік жатақхананың басқа тұрғын үй-жайына көшіру туралы Білім алушыларды қоныстандыру жөніндегі комиссияның шешімдерін сақтау;

- Жатақхана туралы ережені және Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасын, өрт және қоғамдық қауіпсіздікті қатаң сақтау;

- жатақхананың үй-жайларына, жабдықтарына және мүлкіне ұқыпты қарау, электр энергиясы мен суды үнемді жұмсау, тұрғын үй-жайлар мен ортақ пайдаланылатын орындарда тазалықты сақтау, өз үй-жайларында күн сайын тазалау жүргізу;

- уақтылы, белгіленген тәртіппен тұру ақысын төлеуге;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген материалдық залалды өтеуге;

- жеке заттардың сақталуына қамқорлық жасау (сақтауға тапсырылмаған заттар үшін жатақхана басшылығы жауапты болмайды);

- жатақхана әкімшісіне тұрғын бөлме есіктерінің құлыптарынан қосалқы кілттерді тапсыру;

- жатақхананың тұрғын бөлмелерін, қоғамдық пайдалану орындарын тексеруге байланысты лауазымдық міндеттерін орындау кезінде басшылыққа, студенттік өзін-өзі басқару өкілдеріне кедергі келтірмеу;

- жатақханадан ұзақ мерзімге кеткен кезде (демалыс, іссапар және басқа да себептер) қабат басшысын хабардар етін, төсек-өрынды әкімшіге тапсыруға міндетті.

2.3 Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

– жатақхана аумағында-темекі мен темекі бұйымдарын шегу, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальянға арналған темекіні, кальян қоспасын, темекіні жылытуға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелері мен олар үшін сұйықтықтарды пайдалануға;

– алкоголь және есірткі өнімдерін тұтыну, енгізу, тарату, сақтауға;

– жатақханада және жатақхана аумағында алкогольдік және есірткілік мас күйінде болу;

– тұратын үй-жайда қандай да бір қайта құру мен қайта жабдықтауды жүргізу;

– бөгде адамдардың өз бөлмесінде тұруына рұқсат беруге;

– өз рұқсат қағазын бөгде адамдарға беруге;

– жабдықты бір бөлмеден екінші бөлмеге көшіруге;

– бір бөлмеден екінші бөлмеге өз еркімен көшуге;

– тұрғын бөлмелерде жеке энергияны көп қажет ететін электр тұтыну аспаптары мен аппаратураларын пайдалануға;

– 23:00-ден кейін жатақханаға кіруге;

– жанжал жағдайларын жасауға тыйым салынады.

2.4 Осы Ереже мен ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін жатақхана факультет деканы, тәрбиеші немесе жатақхана коменданты ұсынымдары

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы ішкі тәртіп ережесі	7 беттің 5-беті

бойынша Комиссия қоғамдық ықпал ету шараларын қолдану, тәртіптік және жазаның өзге де түрлерін, тіпті студенттік жатақханадан шығарылғанға дейін, қолдану туралы шешім қабылдауы мүмкін, бұзушылықтар туралы деректер міндетті түрде "Platonus" жүйесіне жатақхана менеджері енгізеді.

2.5 Жатақхананың студенттік кеңесі жатақханада тұратындарды оқудан тыс уақытта жатақхана аумағына қызмет көрсетуге, абаттандыруға және коғалдандыруға, олар тұратын бөлмелерге жөндеу жүргізуге, студенттік жатақхана үй-жайларын және бекітілген аумақты жүйелі (айына кемінде екі рет) жалпы жинауға және еңбекті қорғау қағидаларын сақтай отырып, жұмыстың басқа да түрлері бойынша жұмыстарға тарта алады.

3 Студенттік жатақханада тұратындардың жауапкершілігі


3.1 Осы Ережені бұзғаны үшін басшылықтың ұсынуы бойынша тұрғындарға қоғамдық және тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін. Жатақханадан шығару түріндегі тәртіптік жазаны қолдану туралы мәселені Комиссия қарайды.

3.2 Осы Ереже мен ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін тұрғындарға келесі тәртіптік жазалар қолданылады:

- ескерту;
- қатаң ескерту;
- жатақханадан шығару;
- университеттен шығару.

3.3 Тұрғындар жатақханадан келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- тұрғын үй-жайды мақсатсыз пайдалану;
- іс-әрекеттері үшін тұрғын жауапты болатын, тұрғын үй-жай болмесінде тұратындар немесе басқа азаматтар қиратқанда немесе зақымдағанда;
- тұрғылықты жері бойынша тіркеуден бас тартқанда;
- коршілердің құқықтары мен заңды мүдделерін жүйелі түрде бұзып, бір тұрғын үй-жайда бірге тұруға мүмкіндік бермегенде;
- тұратындардың жазбаша ескертусіз жатақханада екі аптадан артық болмауы;
- жатақханада және жатақхана аумағында алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде болғанда;
- жатақханада тұратындардың жарылғыш, химиялық қауіпті заттарды немесе атыс қаруын сақтауы, таратуы және қолдануы және сақтауы;
- темекі мен темекі бұйымдарын шегу, қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальянға арналған темекіні, кальян қоспасын, темекіні жылытуға арналған жүйелерді, электрондық тұтыну жүйелері мен олар үшін сұйықтықтарды жатақханада және жатақхана аумағында пайдаланғаны үшін;
- Университеттен шығарылғанда;
- коменданттың қызметтік жазбаны ұсынуы бойынша тәртіпті жүйелі түрде бұзу (оқу жылына үш реттен артық);
- сағат 23:00-ден кейін жүйелі кешігу (оқу кезеңінде 3 реттен артық);



	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жатақханаларындағы ішкі тәртіп ережесі	7 беттің 6-беті

- өз рұқсат қағазын бөгде адамдарға беру және рұқсатты бірнеше рет жоғалту(үш есеге дейін);

- төбелес;

-Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

3.4 Тәртіптік жазаларды қолдану Комиссия төрағасының өкімімен ресімделеді.

3.5 Тұрғындардың жатақханадан шығаруы төмендегі жағайларда жүргізіледі:

- комиссияның шешімі бойынша;

-білім алушылар оқу мерзімі аяқталғанға дейін университеттен шығарылған жағдайда;

- тұрғындардың жеке өтініші бойынша;

- оқыту мерзімі аяқталғаннан кейін.



